

Бюджеттік қарыздар бойынша есептеу жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 20 қыркүйек N 1151

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қылмыстық атқару жүйесі мекемелерін 1996/97 жылдың күзгі-қысқы кезеңіндегі жұмысқа дайындау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы Етеді:

1. Мына ұсыныстарға келісім берілсін:

Қазақстан Республикасы Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігінің "Борлы" акционерлік қоғамының ("Қарагандауглеразрезі" мемлекеттік кәсіпорны) "Борлы" акционерлік қоғамының орталықтандырылған несие бойынша республикалық бюджетке берешегін өтеу есебіне 58045 (елу сегіз миллион қырық бес мың) теңгеге 35823 тонна көмір беру туралы және аталған сомада 1996 жылғы 20 қыркүйектегі жай-күйі бойынша олардың пайдалану уақытындағы жылдық 10 проценті. <*>

Алматы қаласындағы "Рысты-АЭВРЗ" акционерлік қоғамының, оның республикалық бюджетке қосымша құнға салынатын салық бойынша - 20 (жиырма) миллион теңге, заңды тұлғалардан алынатын табыс салығы бойынша - 20 (жиырма) миллион теңге қарызын өтеу есебіне 55944 тонна көмір беру туралы.

Аталған көмір жеткізілімдері Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің мұқтаждықтарына жұмсалсын.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақтың 2-абзацы жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің
1996.11.25. N 1437 қаулысымен. P961437_

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қылмыстық- атқарушылық мекемелері қосымшаға сәйкес кесте бойынша көмір алғаннан кейін "Бөрлі" акционерлік қоғамының директивалық кредиттер бойынша, "Рысты-АЭВРЗ" акционерлік қоғамының - қосымша құнға салынатын салық және заңды тұлғалардан алынатын табыс салығы бойынша осы қаулының 1-тармағында көрсетілген сомадағы республикалық бюджетке берешектеріне бір жолғы есеп алу жүргізсін;

аталған сома Қазақстан Республикасы Ішкі істер Қолбасшысының Бас басқармасын қаржыландыру есебіне алынсын;

есепке алуды республикалық бюджеттің кіріс және шығыс бөліктерінде аталған соманы көрсете отырып жүргізсін.

"Борлы" акционерлік қоғамы жоғарыда аталған орталықтандырылған

несиені пайдалану уақытындағы бұрын есептелген проценттерінің

қалған бөлігін төлеуден босатылсын.

<*>

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ жаңа абзацпен толықтырылды - ҚРҰ-нің
1996.11.25. N 1437 қаулысымен.

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қазақстан
Республикасының ішкі әскерлері әскери бөлімшелерінің олардың
қылмыстық-атқару жүйелері мекемелеріне коммуналдық қызмет көрсеткені
және азық-түлік бергені үшін кредиторлық қарыздарын өтеуін аталған
есепке алуды жүргізу есебіне жүргізісін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы "20" қыркүйектегі
N 1151 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің
қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріне көмір жөнелтудің
КЕСТЕСІ

і Акционерлік қоғамдар				
і				
і "Бөрлі" і "Рысты-АЭРВЗ"				
і				
Айы і Көмір іЖөнелтілген і Көмір іЖөнелтілген көмірдің				
і мөлшері,ікөмірдің бағасы імөлшері,ібағасы (ҚҚС,теміржол				
і тонна і(ҚҚС қоса есепте.і тонна іақысын, басқа қыз.				
і ігенде), мың і іметтерді қоса есеп.				
і і теңгемен і ітегенде),				
і і і і мың теңгемен				
қыркүйек 15240 24690 30000 21450				
қазан 15000 24310 20000 14300				

қараша	-	-	5944	4250
Барлығы:	30240	49000	55944	40000

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК